

Танымал әннің тарихы

Ән – уақытпен бірге өмір сүретін, ұрпақтан ұрпаққа жететін тарихтың үні. Кез келген әннің артында – терең сезім, шынайы оқиға, болмысы бар бір сәт қатады. Көңілге қонған ән – ұмытылмас шақтардың, мәңгілік оқиғаның естелігі. Осындай көркем туындыларды дүниеге әкелген, халқымыздың ән қазынасына мол мұра қалдырған Нұрғиса Тілендиевтің туындылары жүректі тербеп, жанды тебіrentкен, ұлттық рухты оятатын ғажайып дүние.

№ 2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен биылғы жылы тұңғыш рет аталып өткелі отырған қазақ музыкасының абызына айналған, ұлы даланың төл перзенті Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдық мерейтойына арналған «Танымал әннің тарихы» атты шығармашылық сағаты өткізілді.

Іс-шара шымалдығы ұлы сазгердің жүректерге жол тартқан, терең мағыналы «Әлқисса» күйімен түрілді. Әуеннің әрбір үні тыңдар-



мандарға ерекше рух, сырлы әсер сыйлады. Кеш барысында көрермен назарына ұлы композитордың өнегелі ғұмыры мен шығармашылығы жайлы мазмұнды бейнежазба ұсынылды. Аталған іс-шараға «Әжелер» кеңесінің төрайымы, алтын құрсақты ана, алтын алқа

иегері, кітапханамыздың тұрақты оқырманы Сәуле Жанақбаева шақырылды. Кештің шырайын келтіріп, шарамыздың мәнін тереңдете түскен құрметті қонағымыздың әсерлі әңгімесі өнер иесін жаңа қырынан танытты.

Ол Нұрғиса Тілендиевтің шығармашылық жолындағы оқиғаларды, әндерінің жазылу тарихын, сондай-ақ ұстаздық болмысы мен адами қасиеттерін тебірене жеткізді. Қазақ музыкасының қайталанбас тұлғасы – Нұрғиса Тілендиевтің мұрасын насихаттау жолындағы әңгімелер жас ұрпаққа үлкен әсер қалдырары сөзсіз. Бүгінгі күнде қазақ аса жоғары бағалап, құрметтеп айтатын, барша жұрттың жүрегін жаулайтын «Саржайлау», «Есіңе мені алғайсың», «Құстар қайтып барады» әндерінің тарихы кеңінен баяндалды. Бұл әуезді шығармаларды әріптестеріміз ерекше шеберлікпен орындап, кештің көркін аша түсті.

Өнерге жаны жақын, ән саласында білім алып жүрген жастарға Нұрғиса

Тілендиевтің әндерінің ата-улары жасырынған «Жыр лабиринті» атты танымдық ойын ұйымдастырылды. Ұлт руханиятына өлшеусіз үлес қосқан ұлы тұлғаның әндерін сүйіп тыңдау, оны құрметтеу – әрбір өнер сүйер қауымның парызы

деп білеміз. Біз бұл іс-шара арқылы Нұрғиса Тілендиевтің мәңгілік мұрасын тағы бір мәрте еске алып, ұрпақ жадында жаңғыртуға үлес қостық.

Гүлжаухар СЕЙІЛХАНОВА,
№2 ОӘҒК кітапханашысы